

атқарады. Балқаш атауының шығу тегі жөніндегі пікірлердің көптүрлілігі өңірдің көне лингвистикалық қабаттарымен байланысты екенін дәлелдейді. Іле, Қаратал, Бектау-Ата, Қоңырат сияқты атаулар бірнеше ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып, халықтың тарихи жадын бүгінгі күнге жеткізді. Табиғи ландшафтқа негізделген Ақдала, Шұбар-Түбек, Сарықұмақ сияқты атаулар өңірдің географиялық келбетін нақты сипаттайды. Өңірдің ономастикалық жүйесі өнеркәсіптік дамуымен де байланысты. Қала ішіндегі көше атауларынан бастап қоныстарға дейін тарихи-әлеуметтік кезеңдердің белгісі тән. Бұл атаулар Балқаш қаласының қалыптасу тарихын, әлеуметтік құрылымын және мәдени дамуын зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Қорыта айтқанда, Балқаш өңірінің топонимиясы - күрделі әрі көпқабатты жүйе. Ол аймақтың мәдени, тарихи, географиялық болмысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан жер-су атауларын жан-жақты зерттеу аймақтың тарихи мұрасын сақтауда маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. - Алматы, 1985.
2. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. - Алматы, 2006.
3. Балқаш қаласының атауың неге шығармаса? // Пульс. - 2016. - 9 декабрь(№50). - С. 4
Балқаш қаласының назарына // Балқаш өңірі. - 2017. - 5 шілде(№74-75). - 7 б.

КӨШПЕЛДІЛЕРДІҢ ТҰРМЫСТЫҚ АНТРОПОЛОГИЯСЫ: КИІЗ ҮЙДІҢ СИМВОЛИКАСЫ МЕН ФУНКЦИЯСЫ

Ануарова Ж.Д, Ережепова А.К.

Ғылыми жетекші - аға оқытушы, тарих магистры Аймахов Е.Н.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
Электрондық адресі: anuarova.z@bk.ru ; asel.erezhepova5@gmail.com
Қарағанды қ.

Неше ғасырлардан бері Еуразия кеңістігінде мекен етіп келе жатқан қазақ халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып, сонымен қатар, егіншілік те әр кезеңдерде, әр өлкеде түрліше дамып, жойылып немесе қайта жанданып отырған. Қазақстан территориясы - мал шаруашылығы мен егіншілік дамыған ежелгі өлкелердің бірі. Осы қалыптасқан кәсіп қазақтардың көшпелі өмір салтына ұласты. Мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын баспанасы киіз үй болған.

Киіз үй - қазақтың заттық, тұрмыстық мәдениетінің көрінісі. Отбасының салауаттылығы мен саулығының белгісі ретінде босағаға, шаңыраққа құрмет көрсету - ежелден келе жатқан дәстүр. Киіз үй - Орталық және Орта Азияны қоныстанған мал өсірушілердің негізгі баспанасы. Ол мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсатқа арнаулына қарай төрт түрге бөлінеді: жаздық тұрғын киіз үй, мереке-жиынға немесе қадірлі қонақты күтуге арналған салтанатты киіз үй; жорық кезінде тігуге арналған абылайша немесе жолым үй және асхана, қойма, сарай ретінде тігілетін киіз үй [1, 53 б.].

Киіз үйді жасауға қатысты дәстүрлі білімдер мен дағдылар бүгінде халықаралық деңгейде де мойындалған. 2014 жылы қазақ және қырғыз киіз үйін жасаудың дәстүрлі технологиясы ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне енгізілді. ЮНЕСКО құжаттарында киіз үй - табиғи және жаңартылатын шикізаттан (ағаш, жүн, былғары, жіп) жасалатын, тез жиналып, тез жығылатын экологиялық тұрғыдан тиімді баспана ретінде сипатталады; ал оны жасаушы шеберлер - ерлер (үй ағашты шабу, құрастыру) мен әйелдер (киіз басу, тұс киіз, текемет, сырмақ, басқұр, бау тоқу) бірігіп еңбек ететін шығармашылық қауым екендігі атап өтіледі [2].

Дегенмен, түркі-моңғол халықтарының киіз үйлері ұқсас болғанымен, қазақ киіз үйінің өзіндік айрықша белгілері бар. ЮНЕСКО мен аймақтық зерттеулерде қазақ және қырғыз киіз үйі бір номинация аясында қарастырылғанымен, қазақ нұсқасында шаңырақтың диаметрі үлкенірек келетінін, кереге қанаттарының саны 4-8-ге дейін жететінін, ал үй ішін безендіретін тұс киіз, текемет, сырмақтардың өрнек-үйлесімінде қазақтың өзіндік зооморфтық және геометриялық мотивтері басым болатыны көрсетіледі. Сонымен қатар қазақ киіз үйі туралы деректерде оның көш жолдарына, мал қорасына, жайлауға, қыстауға байланысты түрлі нұсқалары (ақ үй, сәндік үй, жорық үй т.б.) болғаны айтылады, бұл көшпелі қоғамның шаруашылық құрылымы мен кеңістікке бейімделуін нақты көрсетеді.

Қазақтың киіз үйі әрбір отбасы мүшесінің, әрбір қазақ баласының әлеуметтік жағдайының, елдегі беделінің, өмірдегі табысының көрсеткіші болды десек, сол заман шындығыннан алшақ кетпейміз.

Көрнекті ғалым, этнограф Ақселеу Сейдімбек өзінің «Кіші әлем» атты мақаласында киіз үй тарихы туралы бағалы деректер келтіреді. Ол:

«Әзірше киіз үй туралы ең көне дерек біздің заманымыздан бұрынғы үш мыңыншы жылдардан, қола дәуірінің сорабынан белгі беріп отыр. Мұны Алтай тауларындағы, Сібірдегі Баяр жартасындағы, Қырымның жақпар тастарындағы суреттерден аңғаруға болады. Ең көне заттық айғақтарды Алтайдағы Пазырық және Моңғолиядағы Ноин-улин қорғандарында сақталған киіз үй үлгілері әйгілеп отыр. Ал ең көне жазба дерек грек тарихшысы Геродоттың көшпелі скифтер туралы жазбасында бар.

Мәселен, үйсін гуньмосының (ханының) киіз үйі тігіп отырғанын көне қытай шежіресінен Н.Я.Бичурин келтіреді. Земархтың жазбаларында арба үстіне тігілген киіз үй сөз болады. Жалпы, көшпелі өмір салтына орай алғашқы арба үстіне күйме сияқты біржола орнататын киіз үй пайда болған сияқты. Мұндай арбалы киіз үйлер Плато Карпини, Рубрук, Ибн-Батута сияқты саяхатшылардың жазбаларынан жиі ұшырасады» - деген деректер келтіреді [3, 19-20 б.].

Қазақта киіз үй баласының имандылығының көрінісі, ізгілік мекені ретінде есептеледі. Қазақтар ұзатылған қызына да, еншісін беріп бөлек шығарған ұлдарына да үй тігіп, үйлерін көтеріп беретін болған.

Қазақ қоғамында киіз үй тек жеке отбасының ғана емес, бүкіл әулеттің үзілмейтін рухани желісін білдіретін «қара шаңырақ» ұғымымен тығыз байланысты. Дәстүр бойынша әкенің шаңырағы кенже ұлға қалдырылып, ол ата-анаға қарауды, қартайған шағында қасында болуды, әулет үлкендерін жинайтын орынды сақтап, киіз үйді тік ұстап отыруды мойнына алған. Этнографиялық зерттеулерде Шыңғыс хан заманынан бастау алатын далалық құқық нормаларында да үйді (киіз үйді) мұраға қалдыруда кенже ұлдың ерекше құқығы болғаны айтылады; әкенің қағанаты, мал-мүлкі балалары арасында бөлінгенімен, шаңырақ пен отаудың негізгі қонысы кенже ұлға тиесілі болғаны аталады. Осылайша киіз үй - әулет сабақтастығының, бір әулеттен тараған көптеген «түтіндердің» басын біріктіретін, ұрпақ санасындағы негізгі нүкте қызметін атқарады [4, 75 б.].

Қазақтың киіз үйі - әр қазақ баласы үшін тәуелсіздігі мен бостандығының, байлығы мен барлығының, рухани кісілігі мен қоғам алдындағы міндеттілігінің символы. Үй тігіп беріп бөлек шығарылған ұл санаққа кіреді. Өз алдына жеке салық төлеп, қоғам байлығына үлес қосады. Соғыс кезінде аламан болып, ел қорғанысына қатысады. «Бір түтін» деген өлшем осыған негізделеді [3, 22 б.].

Түтіннің шаңырақтан шығары белгілі. Олай болса, түтін деп отырғанымыздың өзі кәдімгі қазақтың киіз үйі. Тек шаңырақ иесі ғана өз ошағына от түтете алады, ешкімге тәуелді емес дегенге саяды [3, 22 б.].

Киіз үйдің сүйегі дегеніміз, ол - кереге, сықырлауық, уық, шаңырақ. Киіз үйдің сүйегі арнайы дайындалған «үй ағаштан» жасалады. Олар желге, жабылатын киіз салмағына, әсіресе кенеттен пайда болатын дала боранына шыдамды етіп жасалынуы қажет. Киіз үйдің сықырлауығынан шаңырағына дейін әр бөлігі өз алдына бір өнер туындысы болғанымен, бұл мыңдаған бөлшектер бір-бірімен тамаша үйлесе отырып, толық әрі шарықтау шегіне жеткен өнер туындысын құрайды.

Киіз үй ішінің көркемделуі де тек утилитарлық емес, символдық мазмұнға бай. Қазақтар киіз үйдің төр жағына тұс киіз іліп, еденіне текемет пен сырмақ төсеген. Зерттеулерде тұс киіз - қабырғаны сәндеп қана қоймай, иесінің әлеуметтік мәртебесі мен эстетикалық талғамын білдіретін кестелі киіз немесе матадан жасалған қабырғалық бұйым ретінде сипатталады; ою-өрнек пен түстің үйлесімі арқылы тілек, баталы сөздер, береке идеясы жеткізіледі. Текемет пен сырмақтар да киіз үйді жылытып, тұрмыстық қызмет атқарумен қатар, қошқар мүйіз, су, тау, құс бейнесіндегі оюлары арқылы табиғатпен үйлесім, молшылық, тылсым күштер туралы түсініктерді бейнелейді. Әсіресе сырмақ, текемет, тұс киіздердің қыз жасауының міндетті бөлігі ретінде берілуі киіз үй ішкі кеңістігінің отбасылық, ритуалдық маңызын күшейтеді.

Киіз үй формасы дөңгелек, яғни сфера түрінде алынған. Айта кету керек, сфералық ғимараттың бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, ол бірдей периметрде құрылыс материалдарын аз пайдалана отырып, үлкен аумақты қамтиды. Екіншіден, мұндай пішіндегі үй біркелкі жылынып, бұрыштарда ызғар мен ылғал жиналмайды. Үшіншіден, сфералық аэродинамикалық пішін желдің екпініне жақсы төтеп береді. Алайда, бабаларымызға көшіп-қонуға арналған жылжымалы баспана қажет болды. Мұндай жылжымалы үйлердің көптеген түрлері бар. Қазақтың шаруашылық құрылысында қолданылған «шошала» немесе «тошала» бұрын осындай қарапайым құрылыстарға ұқсас болған. Бірақ бабаларымыз мүлдем жаңа деңгейге көтеріліп, көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үйді баспана етті [5].

Киіз үйдің ең күрделі бөлігі - жиналмалы «кереге» еді. Лингвистердің пікірінше, «кереге» сөзі бастапқыда киіз үйдің жалпы атауы болған. Шығыс Қазақстанда әлі күнге дейін «кереге» сөзі «киіз үй» мағынасында қолданылады. Мұны моңғолдардың «гэр» - киіз үй деген сөзімен салыстыруға болады. «Кереге» сөзінің түбірі «кер», «керу» болып, керегенің ашылып-жабылу ерекшелігін бейнелейді

Қазіргі әдеби тілде бұл «киіз үй» деп аталады, бірақ көптеген өңірлерде «ағаш үй» атауы қолданылған - ағаш қаңқасына баса назар аударылады. Қалай болғанда да, киіз үй мыңжылдық даму жолынан өтті. Әрбір бөлшегі ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибені көрсетеді. Мысалы, қазақ киіз үйінде «уық» қисайып, күмбездің ауырлығын бүйірге емес, төменге бағыттайды. Бұл «уық» ауыр шаңырақтың салмағын көтеруге оңай мүмкіндік береді. Шаңырақ ауыр болған сайын, киіз үй мықты болады [5].

Шаңырақ - киіз үйдің күмбезді төбесін құрайтын ең жоғарғы бөлшегі. Қазақ ұл-қызына бата бергенде «Шаңырағың биік болсын» деуі осыдан шыққан. Жалпы, қазақ шаңырақты қасиетті санаған. Сонымен қатар шаңырақ берекені, бірлікті де білдіреді. Бата-тілек бергенде, «Шаңырағың шайқалмасын» деп жатады. Отбасы тату-тәтті, бірлікшіл болсын деген сөз [6, 55 б.].

Шаңырақ аспан әлемімен тығыз байланысты. Қазақ танымында шаңырақ - көк аспанның көрінісі, ал көк аспан Тәңірмен тығыз байланыста. Зерттеуші М.П.Хомонов «Тәңір» сөзінің өзі екі түбірден құралғанын айтады: «Тэн» - күмбез, арка, бағана; «Гэр» - үй, баспана. Осылайша, шаңырақтың ерекше киелі саналуы оның ежелгі түркілердің екі негізгі сенімі - Тәңір және ата-баба рухына табынуымен байланысты екенін көрсетеді [7, 83 б.].

Шаңырақ - киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі, ол жоғары (аспан) мен төменгі (жер) әлемді, сондай-ақ ішкі және сыртқы кеңістікті байланыстырады. Қазақ дәстүрінде шаңырақ арқылы үйге күн сәулесінің түсуіне ерекше мән берілген. Сол себепті, қазақтың жас келіні алғашқы айларда күннің сәулесімен оянып, шаңырақтағы түндікті ашуы тиіс болған [7, 83 б.].

Киіз үйдің техникалық жетілдірілуі мен математикалық әсемдігі туралы шексіз айтуға болады. Бірақ киіз үйдің мәдени контексттегі символизмі де маңызды. Ата-бабаларымыз өздерін өз тұрғын үйлерімен теңестірген, мұны «Ұранымыз алаш, керегеміз ағаш» деген мақалдан көруге болады. Мұнда кереге үйдің жалпы құрылымы, яғни киіз үйдің символы ретінде қарастырылады [5].

Уық - шаңырақ пен кереге арасын жалғастыратын, үйге ерекше сән беретін, бір шеті иілген ұзын сырық. Уықтың керегеге бекітілетін жері «уық алақаны» деп аталады. Жалпы, уық атауы «оқ» сөзімен байланысты болуы мүмкін. Шаңырақтан түскен күн сәулесі уықтарға түсіп, бұл күннің қозғалысын бақылауға мүмкіндік берген [7, 84 б.].

Дәстүрлі мәдениетте адам, дәлірек айтқанда оның денесі мен киіз үйдің құрылымы жиі бір-біріне теңеледі. Мысалы, қазақтарда киіз үй тірі ағза ретінде қабылданған: оның ағаш қаңқасы сүйектермен, ал киіз жабындары киіммен теңестірілген. «Киіз» немесе бұрынғы тілмен айтқанда «кигіз» сөзі осы ассоциацияны береді, себебі ол ағаш құрылымды жабатын киіз заттарын білдіреді. Киіз үйдің көптеген бөлшектері адамның немесе жануардың дене мүшелерінің атауларын алады: қабырғалар, қанаттар, маңдайша, кіндік, керегенің аяғы, басы, жаны. Бұл тізімді ұзақ жалғастыруға болады [5].

Киіз үй қазақтардың дәстүрлі санасында тек тұрғын үй ғана емес, сонымен қатар бүкіл космос пен мифологиялық әлемнің моделі ретінде қарастырылады. Бұл туралы зерттеуші Ж.Каракузова өзінің 1993 жылғы «Қазақ мәдениетінің космосы» кітабында жазған. Түріктердің әлем моделі бойынша вертикаль бойымен жоғары аспан, орта адамдық және төмен жер астындағы әлемдерге бөлінеді. Киіз үйдің күмбезі аспанды, ал оның ортасындағы дөңгелек шаңырақ - күнді білдіреді. Орта әлемге кереге, ал төменгі әлемді жер үсті негізі ретінде бейнелейді [5].

Киіз үйдің бүкіл құрылымы тұтас бір ғалам бейнесін береді. Киіз үйдің ішкі кеңістігі төрт негізгі бөліктен тұрады: төр, есік, оң жақ және сол жақ.

Киіз үй әрбір бөлшегі бойынша қасиетті. Мысалы, «босаға» мен «төр». Әрбір бөлшектің символикалық мәні бар. «Төр» - киіз үйдегі ең құрметті орын. Онымен туыстас «төре» сөзі туралы білеміз, ол билеуші Шыңғыс ханның әулетімен байланысты. Тарихшы ғалым Ағелеуов «төр» сөзі көне түркі тіліндегі «төр, төс» сөзінен шыққанын айтады, бұл заң мен билікті білдіреді. «Төр» сөзі көптеген еуропалық тілдердегі «трон» сөзінің ұқсастығымен қызықты. Ежелгі грек тілінде бұл сөз «жоғарғы орын» дегенді білдіреді, ал антикалық храмдарда трон ғимараттың терең жерінде құрметті орын саналып бос тұрды, онда Құдайдың бейнесі көрінбеген түрде отырады деген сенім болды. Киіз үйде «төр» - бұл бір жағынан қасиетті орын. Сол жерде отырған қарттар ата-бабалар дүниесіне ең жақын тұрады. Қазақтың «төрі» тек құрметті орын ғана емес, ол бір әлемнен екінші әлемге өтетін портал болып табылады. Есіктің жанында орналасқан кеңістік «төрге» қарама-қарсы, мұнда ең төменгі адамдар отырады. Бірақ бұл ой қарама-қарсы түсінікке ие болып, есік те қасиетті орынға айналды [5].

Этнографиялық энциклопедияларда қазақтарда ата-бабалардың рухы үйдің есігінде тұрады деп айтылады, ал үйге алғаш келген адам есікке сәлем беріп, иіліп құрмет көрсетуі керек. «Ақ отау» жас жұбайларға орнатылғанда, «босаға майлау» салт-жоралғысы жүзеге асады. Бұл үйдің жақсы өмір сүруіне және қонақтармен толуына себеп болады. Егер есікке құрметпен қарамаса, бақ пен береке үйді тастайды. Есік және босағаға қатысты көптеген тыйымдар бар. Мысалы, босағаны басуға болмайды, онда отыруға болмайды, есікті соғуға және қатты жабуға болмайды. «Бел арқан» - киіз үйді нығайтатын арқан, босағаға байланады. Олардың беріктігі киіз үйдің тұтастай беріктігін анықтайды. Дәстүрлі мәдениетте үй ішіндегі кеңістік пен сыртқы кеңістік арасындағы нақты шекаралар бар. Есік пен босаға - өзге және бөтен, қауіпсіз және қауіпті, адамдық және табиғаттық әлемдер арасындағы шекара. Олар үйді көрінетін және көрінбейтін зиянды күштерден сақтайды. Моңғолдарда есік пен босаға үйге жаман рухтардың кіруіне жол бермейді деп саналады. Сондықтан есікке отыруға немесе басуға болмайды, әсіресе үйден шыққанда босағаны басу - жаман белгі. Үйден бақ пен береке кетеді [5].

Киіз үйдің құрылымында үштік принципі мен дуализмді үйлестіретін элементтер байқалады. Мысалы, киіз үйдің оң жақ бөлігі - еркектерге арналған, онда еркектердің заттары: қару-жарак, ат әбзелдері, құрал-жабдықтар орналасады. Сол жақ бөлік - әйелдерге арналған, мұнда төсек-орын, ыдыс-аяқ, азық-түлік бар. Оң жақ бөлік сондай-ақ сыртқы болып саналады, қонақтар қабылданады. Ал сол жақ бөлік ішкі болып, бөгде еркектер үшін жабық болды. Үйленуге дайын жас қыз оң жаққа ауысып, ол үйде қонақ болып есептелінді.

Киіз үй уақыт моделіне де ұқсайды. Мысалы, моңғолдарда киіз үй кеңістігі 12 бөлікке бөлінеді, әрқайсысы 12 жылдық циклдің бір жылын білдіреді. Ашық шаңырақ арқылы ашық ауа райында жұлдыздардың қозғалысын бақылауға болады, осылайша киіз үй өз алдына астрономиялық обсерватория мен күн сағаты ретінде қызмет етеді [5].

Қазақтардың аңыздарының ішінде Тұлпар мифі ерекше орын алады, онда тұлпар өз иесі үшін құрбандыққа барып, оның аяқтары киіз үйдің тірегіне, ал денесі- негізіне айналады. Бұл миф үй, космос және тірі ағза арасындағы байланысты білдіріп, киіз үйдің сакральді маңызын білдіреді.

Бүгінгі таңда киіз үй бейнесі қазақтың ұлттық бірегейлігінің маңызды символына айналды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасындағы шаңырақ образы - ортақ үй, ортақ аспан, халықтың бірлігі идеяларын білдіреді деп ресми түсіндіріледі Госпортал РК. Сонымен қатар киіз үй жасау дәстүрі мен оны құру бойынша білімдер 2014 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енді, бұл киіз үйдің тек этнографиялық жәдігер емес, қазіргі заман қоғамы үшін де өміршең мәдени тәжірибе екенін айқындайды. Соңғы жылдары қазақстандық сәулетшілер мен дизайнерлер киіз үй формасын, киіз бен жүн материалдарын заманауи экологиялық архитектурада - этноауылдар, глэмпинг, эко-лагерьлер, тіпті қала жағдайындағы уақытша павильондарда - кеңінен қолдана бастағанын байқаймыз; мұндай жобаларда күн панельдері, энергияны үнемдейтін материалдар, трансформер іргетастар киіз үй концептімен ұштасып, дәстүр мен инновацияны біріктіреді [8].

Көшпелі өмір салтын зерттеушілер қазақтардың дәстүрлі мәдениетін «көшпелі өркениет» ұғымымен байланыстыра отырып, киіз үйді осы өркениеттің көрнекі символы ретінде қарастырады. Бұл тұрғыдан киіз үй - тек этнографиялық объект емес, экономикалық модельдің (мал шаруашылығы мен маусымдық көшу), әлеуметтік ұымдасудың (ру-тайпа құрылымы, әулеттік иерархия, «қара шаңырақ» институты), дүниетанымның (космостық үштік құрылым, табиғатпен үйлесім) және өнердің (ағаш өңдеу, киіз басу, ою-өрнек) тоғысқан түйіні ретінде сипатталады. Киіз үй арқылы біз көшпелі қоршаған ортаны қалай қабылдағанын, кеңістік пен уақытты қалай жүйелегенін, адам мен табиғат, қоғам мен руханият арасындағы байланысты қалай түсінгенін кешенді түрде көруге мүмкіндік аламыз.

Жалпы алғанда, киіз үй феномені қазақ халқының материалдық мәдениеті мен рухани дүниесінің түйісетін, тоғысатын ерекше кеңістігі ретінде танылады. Археологиялық деректер, этнографиялық бақылаулар, тілдік және фольклорлық материалдар киіз үйдің ғасырлар бойы өзгеріп, толығып, сонымен бірге өзінің негізгі құрылымдық және символдық өзегін сақтап қалғанын көрсетеді. Киіз үй эволюциясы арқылы біз көшпелі өмір салтының икемділігін, табиғи ортаға бейімделуін, әлеуметтік ұымның, туыстық қатынастардың және наным-сенімдер жүйесінің тарихи даму логикасын айқындай аламыз.

Бүгінгі таңда киіз үй тек этнографиялық жәдігер немесе фольклорлық бейне ретінде ғана емес, ұлттық бірегейлікті бейнелейтін, тарихи жадыны жаңғыртатын маңызды мәдени код ретінде қабылдануда. Ұлттық мерекелер мен салтанатты шараларда, этноауылдар мен туристік жобаларда, қала кеңістігіндегі символдық нысандарда киіз үйдің бейнесі жиі қолданылуы - оның қазіргі қоғам үшін де маңызын жоймағанын аңғартады. Бұл құбылыс дәстүр мен жаңашылдықтың, жаһандану мен локалдық құндылықтардың қиылысында киіз үйдің жаңа мазмұнмен толығып, қазақ мәдениетінің «тірі» символына айналып отырғанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, киіз үй қазақтар үшін тек тұрмыстық орын ғана емес, ол- космос, уақыт пен кеңістікті, табиғат пен адамды, қоғам мен руханиятты өзара байланыстыратын ғажайып сәулет өнерінің туындысы. Киіз үй - көшпелі өмірдің озық үлгісі ғана емес, қазақтың жан-дүниесі мен салт-санасын бейнелейтін мәдени мұра. Оның құрылымындағы әрбір бөлшек - шаңырақ пен керегеден бастап, босаға мен төрге дейін - терең мағынаға ие. Ол ата-бабаларымыздың тіршілігіндегі еркіндік пен тәуелсіздіктің, береке мен бірліктің, рухани кемелдіктің айқын көрінісі болды. Киіз үйдің қасиеттілігі туралы сансыз аңыз-әпсаналар, ырымдар мен тиымдар дәстүрлер бүгінгі күнге дейін сақталған. Демек, киіз үй - қазақ халқының болмысын, оның табиғатпен үндестігін, өткеннен жеткен ұлы мұратын айқындайтын ерекше феномен.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гаппаров М., Киіз үй - биік өнер туындысы. Қазақстан мектебі 2003, №4, 53-59 б.
2. Traditional knowledge and skills in making Kyrgyz and Kazakh yurts (Turkic nomadic dwellings) [Электронный ресурс] // UNESCO Intangible Cultural Heritage Lists. - 2014. - URL: <https://ich.unesco.org/en/RL/traditional-knowledge-and-skills-in-making-kyrgyz-and-kazakh-yurts-turkic-nomadic-dwellings-00998>
3. Назарбекұлы С. Қазақтың киіз үйі. - Астана: Елорда, 2005 - 96 бет.
4. Өткелбаева З., Рифаи Дж. А. Ш. Қазақ мұрагерлік құқығы және оның басқа құқықтық жүйелерден айырмашылығы // Хабаршы. Шығыстану сериясы. - 2020. - № 1 (92). - Б. 70-78.
5. Зира Наурызбаева, Ұмай бағдарламасы. Abai TV. 2024 <https://youtu.be/GSw7cvi4FqE?si=zm4IEOwMnPFY2fZx>
6. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М., Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы «Пауан» 1994, 210 бет
7. Егизбаева М.К. Юрта и особенности мировосприятия казахов. Edu.e-history.kz 2016 №1, 81-86 б.
8. Rizzi С. Kazakhstan's yurts: From nomadic shelters to modern eco-living innovations [Электронный ресурс] // Euronews, Culture Series "Modern Nomads". - 25.12.2024. - URL: <https://www.euronews.com/culture/2024/12/25/kazakhstans-yurts-from-nomadic-shelters-to-modern-eco-living-innovations>

ҚАРАМАНАС АУЫЛЫ ЖӘНЕ ТАШКЕНТ ӨңІРІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

Байтемиров М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті
baitemirovmeirambek229@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа.

Бұл мақалада Ташкент қаласына қарасты Қараманас ауылы мен оның маңындағы географиялық атаулардың шығу тегі, тарихи-ономастикалық ерекшеліктері және олардың аймақ мәдениетіндегі орны қарастырылады. Зерттеу барысында өңірдегі жер-су атауларының даму кезеңдері, тілдік құрылымы мен этникалық құрамға байланысты өзгерістері талданады. Сонымен бірге Қараманас ауылының атауының қалыптасу тарихы, оның тарихи тұлғалармен және көне қоныстармен байланысы қарастырылып, аймақтық ономастиканың жалпы сипаттамасы берілді. Мақалада жергілікті және өңірлік зерттеушілердің еңбектері кеңінен пайдаланылып, ономастикалық атаулардың лингвистикалық, мәдени және тарихи маңызын ашуға бағытталған әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Қараманас өңірінің топонимдік жүйесінің өзіндік ерекшелігі, атаулардың қалыптасуында этнонимдер, кәсіби атаулар, табиғи-географиялық сипаттамалар және тарихи оқиғалардың рөлі ерекше екені анықталды.

Кілт сөздер: ономастика, топоним, Қараманас, Ташкент, тарихи атаулар, жер-су атаулары, этнотопонимдер, атаудың шығу тегі, аймақтық ономастика, лингвомәдениет.

Аннотация.

В данной статье рассматриваются происхождение географических названий села Караманас, расположенного в окрестностях города Ташкента, его историко-ономастические особенности и место в региональной культуре. В ходе исследования анализируются этапы развития местных гидронимов и топонимов, их языковая структура и изменения, связанные с этническим составом населения. Особое